

Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының қарыз алуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 31 тамыз N 1327

Алматы қаласындағы экологиялық және санитарлық жағдайды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы қаласы жергілікті атқарушы органының 2000 жылға арналған қарыз алу лимиті 840 000 000 (сегіз жүз қырық миллион) теңге мөлшерінде белгіленсін.

2. Алматы қаласының әкімі:

2000 жылға арналған қарыз алу лимитінің белгіленген шеңберінде белгіленген тәртіппен аймақтық инвестициялық бағдарламаны әзірлесін және келісуге ұсынсын; тартылатын заемдарға қаржылық және құқықтық сараптама

жүргізуге арналған қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Әділет министрлігіне ұсынсын;

заемдарды тартуды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін;

заемдарға қызмет көрсетуді және оны өтеуді жергілікті бюджет қаражатынан қамтамасыз етсін;

заемдар қаражатын игеру және оларды өтеу жөнінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тұрақты түрде ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК